

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

"Елбасы -ел бірлігі, ел сенімі"



ҚР Тұңғыш Президентінің күніне орай Ақтөбе облыстық маслихаты, "Нұр Отан" партиясының Ақтөбе облыстық филиалы және облыстық білім басқармасы 2013 жылдың 29-қарашасында "Елбасы -ел бірлігі, ел сенімі" тақырыбында салтанатты шара өткізді. "Нұр Отан" партиясының ғимаратында өткен шараға қатысушылар Елбасына деген ыстық ықылас, ерекше құрметтерін білдірген шынайы сөздерін білдіріп жатты. Мерекелік шарада облыстық, республикалық, халықаралық конкурстар мен фестивальдар жеңімпаздарын, оқушылар мен студенттерді марапаттау рәсімі болды. Соның ішінде **№6 Хромтау гимназиясының 7 «а» класс оқушысы Қойлыбай Үміт** "Егер мен Президент болсам" мультимедиялық жоба конкурсының жеңімпазы атанып, сыйлыққа ноутбук иеленді.

Барша халықты ҚР тұңғыш Президент күнімен құттықтаймыз! Шығармашылық табыс тілейміз!



«Қазіргі Қазақстан: білім және ғылым»

2013 жылдың 22 қарашасында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалдары: Ақтөбе, Атырау облыстары бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институттары, Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы ММ бірлесе «Қазіргі Қазақстан: білім және ғылым» тақырыбында аймақтық ҒЫЛЫМИ ФОРУМ өткізді.

Форум мақсаты – білім беру сапасын арттыру қызметіндегі қазақстандық білім мен ғылымды дамытуға бағытталған мәселелерді талқылау.

Форумға қатысушылар: білім беру ұйымдарының басшылары, аудандық (қалалық) ББ қызметкерлері және әдіскерлері, шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтар, арнаулы оқу орындары (кәсіптік және техникалық) мамандары, ЖОО оқытушы – профессорлық құрамы, біліктілікті арттыру институт қызметкерлері, жас ғалымдар, магистранттар, ғылыми зерттеушілер.

«Қазіргі Қазақстан: білім және ғылым» тақырыбындағы аймақтық ҒЫЛЫМИ ФОРУМ аясында өткізілген іс-шаралар:

I. «Бәсекеге қабілетті білім беру – адами капиталды дамыту факторларының бірі» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция.

Конференция келесі мәселелер бойынша жұмыс жасады:

1. Ұлт саулығы - бәсекеге қабілетті білім берудің кепілі;
2. Білім және ғылымды дамыту: ізденіс, зерттеу, нәтиже;
3. Адами капиталды дамыту факторының бірі – инновациялық ортаны қалыптастыру;
4. «ЖАС ҒАЛЫМ - 2013»: Қазақстанда индустриалдық – инновацияны дамытудағы жас ғалымдардың ролі (ЖОО жас ғалымдары мен магистранттар үшін)

II. Мастер – класс:

Ø «Шығармашылық биіктікке жету жолында»

Ø « Саламатты Қазақстан - 2020»

III. Жоба қорғау:

Ø « Жаңа Қазақстан білім және ғылым - 2050 »

Ø «Тәрбие бастауы - толерантты орта құру »

IV. Дөңгелек үстел:

Ø «Жаңа әлемдегі инновация және ғылым»

«Ұлт саулығы - бәсекеге қабілетті білім берудің кепілі» атты 1-секцияға №6 Хромтау гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Карагулова Д.К баяндамасы және информатика пәнінің мұғалімі Қыдырбаева Б. «Нейронды желі» атты жобасын қорғап, белсенділік танытқаны үшін екеуі де грамотамен марапатталды.



11.09.2013 жылы №6 Хромтау гимназиясының мұғалімі Карагулова Дамира Керейқызы «Оқушылардың сыни ойлауын дамыту арқылы бала дарыны мен талантын жетілдіру» тақырыбында коучинг өткізді

Мұғалім дайын ақиқат, түйін, ой, қорытындысын «балалардың миына құйғанымен», ойлау мен сөйлеу негіздеріне жақындауға да мүмкіндік бермей, шығармашылық, арман, қиял қанатын байлап қояды. Көптеген жағдайда бала өзінің ой еңбегін әлі ойлап та үлгірмеген,

санасына ерекше әсер етпеген түрінде жаттап алуына тура келеді. Соның нәтижесінде құбылыстың мәнін ойлау және бақылау қабілеті дамымай, жаттауға негізделген есте сақтау дамиды. Бұл баланы топастыққа әкелетін, ақырында оқуға деген ынтасын жоятын үлкен кемістік болып табылады. Баланы білім, ақиқат, ереже мен формулалар қоймасына айналдырмау үшін оны ойлауға үйрету керек.»

В.А.Сухомлинский

Мақсаты: Әріптестерге дарынды және талантты оқушылар модулі жайлы мағлұмат беру. Мұғалімдерге өз сабақтарында сыни ойлату арқылы дарынды және талантты оқушыларды анықтап, оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға болатынын түсіндіру. Жаңалыққа құштарлықтарын ояту.



Әлемдік білім беруде « Қазіргі кезде не оқыту емес,нені қалай оқыту керек?» деген сұрақ барлық білім беру саласының мамандарын ойландырып отыр.

Аталған мәселелерді шешуде ХХІ ғасырда мұғалімдердің ынтымақтастық аясы кеңеюі керек,олар бірлесіп жұмыс істеп,инновациялық тиімді әдіс-тәсілдер мен идеялармен алмасып, сол арқылы күнделікті қызметте қолданатын оқыту мен оқудағы тәсілдердің ықпалын күшейте түседі.

Коучингке орыс тілі, тарих, биология, география, қазақ тілі, бастауыш кластың мұғалімдері қатысты.

Миға шабуыл немесе ой қозғау: «Дарынды және талантты оқушылар» туралы бейнеролик көрсеттім / ақын Жамбыл, шахматист Жансая Абдумалик, тележүргізуші Еркеш/ Бейнероликте көргендерін әріптестер топта талқылады. Қай баланы дарындыға, қай баланы таланттыға жатқызасыздар? Дарын мен таланттын айырмашылығы неде?

Әр топ бірлесе отырып, постер арқылы жұмыстарын қорғады. Бірінші топ дарынды балаға – Жамбыл мен Жансаяны, таланттыға – Еркешті, екінші топ дарынға – Жамбылды, таланттыға – Жансая мен Еркешті, ал үшінші топ дарынға – Жансая, таланттыға – Жамбыл мен Еркешті жатқызды. Әр топтың пікірлері әр-түрлі болды.

Пластинмен жұмыс өз мақсатына жетті. Бірінші топтың жұмысы – «Жер беті – ХХХ ғасыр», екінші топтың жұмысы – «Жауыннан кейінгі орман», ал үшінші топ – «Күздің сыйы» деп аталды. Жұмыстарын қорғаған кезде, топтар бір-біріне «тамаша», «жарайсындар», «керемет» деген сөздер айтты. Ал критерий бойынша бағалау өте сәтті өтті. Мысалы, үшінші топтың критерий бойынша бағалауы мынадай болды.

<i>критерийі</i>	<i>бағасы</i>
Тақырыпқа сәйкестігі	5
Мүсіндеуі	5
Сөйлеу мәдениеті	5
Ой ұшқырлығы	5

Коучингті кері байланыспен қорытындыладық. Коучингтің сәтті өткенін қызығушылықтарынан байқадым. Мұнан соң олардан бүгінгі коучингтің өту барысы жайлы пікірлерін стиккерлерге жазып беруін сұрап, болашақта осы үйренгендерімізді өз тәжірибемізге енгізіп, дарынды және талантты оқушыларды анықтай отырып, танымдық қабілеті жоғары тұлға тәрбиелейік деп тілек тілеп коучингті аяқтадым. Коучингте өзім көшбасшы бола алдым.



ОБЛЫСТЫҚ «ЗЕРДЕ»

2013 жылғы 25-қазанда Ақтөбе қаласы №31 орта мектебінің негізінде Республикалық «Зерде» атты шығармашылық жобалар мен зерттеу жұмыстары конкурсының облыстық кезеңі өткізілді. №6 Хромтау гимназиясынан қатысқан үш оқушымыз жүлделі орындарға ие болды. Олар: Самат Томирис 2 а класс білім алушысы – II орын, Құдайберген Айгерім 7 а кл – II орын және 4а класс білім алушысы Батырханова Аделя I орынға ие болып, 1-7 сынып оқушыларының зерттеушілік жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» ІХ республикалық конкурсына қатысуға жолдама алды.

ЖЕҢІСТЕРІН ҚҰТТЫ БОЛСЫН!!!



18-19 желтоқсан күні №6 Хромтау гимназиясында аудандық олимпиада өтті.

Республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне барлық пәндерден 30 оқушы қатысты. Қатысқан оқушылардың ішінен 24 оқушы ІІ турға өтті. ІІ турдың нәтижесі бойынша 23 оқушы жүлделі орынға ие болды. Бұл білім сапасының 77 % құрады. Аудандық білім бөлімінің нәтижесі бойынша №6 Хромтау гимназиясы **«Ең үздік қала командасы»** номинациясымен бірге көшпелі кубокка ие болды.

р/с	Оқушының аты-жөні	класы	пәні	жетекшісі	Алған орны
1	Нұрпейісқызы Зере	8ә	Қазақ тілі	Керимова Г.Е	I
2	Жайлаубай Марал	9а	Қазақ тілі	Спанова А.С	I
3	Кәрібай Ғазиза	10	Қазақ тілі	Спанова А.С	I
4	Ғани Арайлым	11	Қазақ тілі	Даутова Г.Ж	II
5	Көптлеу Меруерт	8ә	Орыс тілі	Жиенгазина А.О	I
6	Ералиева Гүлшат	9а	Орыс тілі	Ермагамбетова Г.К	I
7	Рахметова Нұрайым	10	Орыс тілі	Ермагамбетова Г.К	I
8	Көңілқошева Ару	11	Орыс тілі	Ермагамбетова Г.К	I
9	Джаманова Айжан	9а	Ағылшын тілі	Азырова А.Б	III
10	Айжігіт Жанна	10	Ағылшын тілі	Азырова А.Б	-
11	Жалмагамбетова Жұлдыз	11	Ағылшын тілі	Бакажанова Н.О	III
12	Акказиева Айдана	8а	Математика	Есжанова Г.Б	II
13	Әділхан Темірлан	11	информатика	Жаржанова Ж.К	I
14	Өтеміс Аякөз	9ә	Физика	Курманова К.С	I
15	Құдайбергенова Асемгүл	11	физика	Курманова К.С	I
16	Сайлаубай Диана	9а	Биология	Райымбаева М.Б	I
17	Алисова Ақтолғай	10	Биология	Райымбаева М.Б	I
18	Жүгініс Гүлдана	10	Химия	Райымбаева М.Б	I
19	Хусаинова Дана	9ә	тарих	Карагулова Д.К	III

20	Нұралла Саят	10	тарих	Тлеуова М.Ш	I
21	Якиева Гүлсара	9ә	құқық	Карагулова Д.К	III
22	Казбекова Бірлік	9ә	география	Сидакова Г	III
23	Сарина Гүлнұр	10	география	Абдикешев Д.А	II

Аудандық олимпиаданың нәтижесі бойынша облыстық олимпиадаға 12 оқушы барады. Олар: Жайлаубай Марал – 9 а, Кәрібай Ғазиза – 10, Ералиева Гүлшат – 9 а, Рахметова Нұрайым – 10, Көңілқошева Ару – 11, Әділхан Темірлан – 11, Өтеміс Аякөз – 9 ә, Құдайбергенова Асемгүл -11, Сайлаубай Диана – 9а, Алисова Ақтолғай – 10, Жүгініс Гүлдана – 10, Нұралла Саят – 10

Қ Ұ Т Т Ы Қ Т А Й М Ы З !!!

Дайындаған: Карагулова Д.К